


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М.	
Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Ә.	
Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы:	
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Tezcan S. (1978) *En Eski Türk Dili ve Yazını. Bilim, Kültür ve Öğretim Dili Olarak Türkçe*, Ankara: Türk Tarih Kurumu, 271-323. s.

Томанов М. (1988) *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*. Алматы: «Мектеп»

Vardar B. (2007) *Dilbilim Terimleri Sözlüğü*, İstanbul: Multilingual.

Г. Сагидолда

филология ғылымдарының докторы, профессор,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақстан, Астана қ.

АКАДЕМИК Р. СЫЗДЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ

Филология ғылымдарының докторы (1972), профессор (1989), Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (2003), ҚР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты (1995), ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1996), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Рабиға Сәттіғалиқызы Сыздықтың ауқымы кең ғылыми – зерттеулерінің негізгі арқауын лингвистикалық поэтика (Абайдың поэтикалық тілі, эпос тілінің поэтикасы, XV – XIX ғасырлардағы ақын – жыраулар тілі), тарихи лексикология (қазақ әдеби тілінің тарихы, орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің лексика-грамматикалық құрылымы, текстологиясы, тарихи лексика), қазақ фразеологиясы, лингвостилистика, лингводидактика, тіл мәдениеті, орфография, жазу теориясы, ахметтану сияқты іргелі салалардың өзекті мәселелері құрайды.

«Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» (1959) тақырыбындағы кандидаттық, «Абай шығармаларының тілі» (1972) тақырыбындағы докторлық диссертацияларынан басталған Абай тілін жүйелі зерттеу ісі «Абайдың сөз өрнегі» (1995) атты еңбегінде жалғасым тауып, ұлы ақынның поэтикалық тілі, көркемдік сипаты, көріктеу құралдарының тілдік тетіктері жан-жақты талданады.

XX ғ. 60-ыншы жылдарына дейін әдеби тілдің статусына байланысты орыс тіл білімінің ізімен қазақ филологиясында да үстем болып келген «жазба тіл ғана әдеби тіл бола алады» деген пікірдің қазақ әдеби тілінің тарихына келгенде «жүрмейтінін» Р.Сыздық өзінің «XVIII-XIX ғ. қазақ әдеби тілінің тарихы» (1984) атты монграфиясында аса бір батылдықпен атап көрсетеді. Зерттеуші тілдің әдебиеттік статусына байланысты тілдік және уақыт жағынан өте жақын кезеңдерде туған үлгілердің бірін хатқа түскені үшін «әдеби» деп, ал екіншісін ауызша тарағаны үшін «әдеби емес» деп танудың дұрыс еместігін, жазба тіл де ауызша тіл тәрізді әдеби тілдің қызмет етуінің бір формасы ғана екенін айтады. Осы көзқарас тұрғысынан келгенде әдеби тіл халықтың поэтикалық сөз өнері, әдет-ғұрып, билік заңдары тілі ретінде ауызша да қоғамға қызмет етуі әбден мүмкін екенін алға тартады және XV - XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар тілін арнайы зерттей келіп, олардың тілін ауызша тараған әдеби тіл үлгілері деп таниды. Бұл ойын осы еңбектің көлемі толықтырылып, мазмұны тереңдетілген «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV – XIX ғ.)» (1993, 2004) атты екінші, үшінші басылымдарында ақын-жыраулар тілінің фольклор тілімен ортақ және айырым белгілерінің болу себептерін ашу барысында одан әрі бекіте түседі. Осы «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV – XIX ғ.)» (1993, 2004) зерттеуі арқылы Р.Сыздық қазақ әдеби тілінің бес ғасырлық тарихын шегендеп қана қойған жоқ, қазақ әдеби тілінің тарихын жеке пән деңгейіне көтеріп, қазақ тіл білімінің дербес саласы ретінде жүйеге түсіріп берді. Мұның сыртында қазақ лексикографиясының қалыптасу тарихы мәселесін көтеріп, оның XIX ғасырдың II жартысындағы жағдайына толық сипаттама берді.

XXI ғасыр табалдырығын геосаяси-экономикалық, ақпараттық-технологиялық, қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі түбегейлі өзгерістермен, рухани-мәдени сілкіністермен аттаған түркілердің жаңа ғасырда тарихи – мәдени және тілдік ортақтастықтың, ұлттық салт-сананың, діни-ділдік өзектің «сірілене» бастаған тамырларына қайыра қан жүгіртіп, жалпытүркілік рухты жаңғыртуға деген талпынысы күннен күнге артуда. Бұл жалпы түркі қоғамында түркі жазба ескерткіштерінің терең мазмұндарына қайтадан үңілуді, жаңаша зерттеуге деген қажеттілікті

тудыруда. Осы тұрғыдан келгенде Р.Сыздықтың қазақ тілінің тарихын, қазақ әдеби тілінің тарихын бағамдауға арналған зерттеулерінің маңызы ерекше. Солардың ішінде Р.Сыздықтың «Язык Жами'ат – тауарих Жалаири» (1989), М.Қойгелдиевпен бірге жазған «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (1991), «Ясауи тілінің қыпшақтық-оғыздық негізі» (Түркология, 2002); «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» (Алматы, 2014), «Сөздер сөйлейді» (1980-2014) тәрізді зерттеулерін ерекше атауға болады.

«Язык Жами'ат – тауарих Жалаири» зерттеуінде Р.Сыздық ескерткіштің лексика-грамматикалық құрылымына терең талдау жасай отырып, ондағы оғыз, қыпшақ тілдеріне ортақ элементтерді саралайды, өзге туыстас тілдерде кездесе бермейтін қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне орай қалыптасқан қазақы сөз өрнектерін (тұрақты сөз тіркестері мен бейнелі сөз орамдарын) айқындайды, 15-18 ғ. қазақ ақын-жыраулары тілін мен ескерткіш тіліне тән ортақ белгілер мен жарыспалы құбылыстарды ашады. Қадырғали Жалайыридың «Жами' ат тауарихы –» тілдік жағынан да, рухани мәдениет жағынан да қазақ халқына өте жақын мұра екенін жан-жақты дәлелдейді. Ал М.Қойгелдиевпен бірге жазған «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (1991) атты еңбекте 16 ғасырда өмір сүрген тарақ таңбалы жалайырдан шыққан Қадырғали бидің шығармасы тарихи және тілдік тұрғыдан кеңінен сөз болады. Бұл екі еңбекте де Ескерткіш мәтіні араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп беріледі. Жалайыридың «Жами' ат – тауарихи» мұрасының 1854 жылы Қазан университетінің профессоры И.Н.Березин жариялаған бір ғана қолжазба нұсқадан кейін араға 140 жыл салып қайта жариялануы Р.Сыздық зерттеулерінің дереккөздік маңызын арттыра түседі.

Академик Р.Сыздықтың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» (2014) атты монографиялық зерттеуі түркі жұртының жазу-сызу мәдениетінің тарихын, түркі тілдері дамуының ортағасырлық кезеңіндегі жай-күйін, орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінің қазіргі түркі тілдерімен сабақтастығы мәселесін зерттеуге қосылған салмақты үлес болды.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметтерінің» Самарқанд (К.Г. Залеман тапқан) нұскасын ғылыми зерттеудің арнайы нысанына айналдырып, оның тіліне лингвистикалық талдау жасаған орыс ғалымы А.К.Боровков [1; 2] зерттеулері XX ғасырдың 45-65 жылдары аралығында тиесілі екені белгілі. Дәл осы нұсқаға араға 60 салып лингвистикалық зерттеу жүргізген академик Р.Сыздық болды.

Р.Сыздық «Ясауи «Хикметтері» тіліндегі» рухани-мәдени лексика, діни терминдер және олардың қатысуымен жасалған бейнелі тілдік орамдар (фразеологизмдер, перифраздар, сөз-символдар т.б.) мазмұндық ішкі құрылым жағынан алғанда қазақтың ұлттық құндылықтар жүйесінің ділдік және діни тұғырына алынатынына айрықша ден қояды. Мәселен, Р. Сыздықова Ясауи ұстанған сопылық ілімдегі *махаббат* деген ұғымды *аш куллаһ* деп көрсетіп, оның мәні *Аллаға деген шынайы, риясыз махаббат* екенін жазады. Бұл сөз «Хикметтерде» *«ишқ»* деп беріледі де, ал аударма мен қолжазбаларда *ашиқлық*, *ашиқ* болып бірнеше нұсқаларда көрініс береді. Сол сияқты Ясауи «Хикметтерінде» жалпытүркілік «Жаратушы» (*Йаратқан/Йаратған/Йаратан/Йарадан* > *йара-* > *йарат-* «жөктан бар жасау, жарату»), көне түркіден бермен қолданылып келе жатқан «*Тәңір*» (*Таңры/Тәңрі*), түп негізі араб тіліне барып саятын *Хақ*, *Алла* (*Аллах*), фарсизм *Құдай* (*Худа*) параллельдердің тіркес құрап, терминдік бірлік ретінде келулері бірдей емес екеніне мән берген зерттеуші, «Ескерткіш тілінде *«Алла деді* дегеннің орнына, *Құдай деді*, *Хақ деді* деген альтернаттар жоққа тән. Байқауымызша, *Алла* синонимі көбінесе символдық мәнде қолданылады. Мысалы: *Алла деді Хақ нурығ баттым дустлар* (93а,7). Бұл жерде *Алла деу* – «Алланы бар деп, бір деп тану, сыйыну мағнасында, ал осы сөйлемдегі *Хақ нурығ бату* – сол сыйынудың нәтижесін көру» - дейді [3, 84].

Р.Сыздық «Диуани Хикметтер» тілінде қолданылатын фразеологизмдер мен тұрақты эпитетті тіркестер – поэзия тілінің көріктеуіш құралдары екенін, олардың бірқатары бір затты, құбылысты астарлап, өзгеше мағына беріп атаса, енді біреулері семалық ренк үстеп, семантикалық шеңберін кеңейтіп не тарылтып көрсететінін айта келіп: «мәселен, *игрі йол*, *йахшы йол*» дегендер тіпті де «көлік, адам жүретін кәдімгі жол» дегенді білдірмейді, ол жалпы ислам дінінде, оның ішінде Ясауи тілінде «мистикалық суфизм дініне ден қою, бас ұру, оны берік ұстану» деген ауыспалы (өзгеше) мағынадағы атауды білдіреді». Ал «*Хақ жолынан шығу*,

діннен безу, ислам және шарият заңдарына қайшы әрекеттер жасау» деген мәнді беруде «Диуани хикметтерде» көбіне - көп йолдан адашу фразеологизмі жұмсалады. Йолдан адашу тіркесінің құрамындағы адашу сөзімен тектес болып келетін адасу етістігінің мағынасы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «жол таба алмай сенделу; теріс бағытқа түсу, қателесу, жаңылысу, шатасу» деп түсіндірілетін болса [4, 90], діни мазмұндағы әдебиеттерде адасу сөзінің «Құдайға тура алып баратын жолдан тайып, жаратушыдан теріс айналу» деген мағынасы көрсетіледі [5, 14-15]. Олай болса, Ясауи тіліндегі:

асы құлұң йол адашты йолға салғыл

Йа Мустафа елкім алың йолда қалған (61а) деп келетін жыр жолдарындағы йолдан қалғанлар, йолдан адашқанлар – «сопылық жолын ұстамағандар» [3, 173].

Ясауитану бойынша жарық көрген үлкенді-кішілі өзге де зерттеулерден Р.Сыздықтың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» зерттеуінің басты ерекшелігі – Ясауитанудың лингвистикалық бағыты бойынша зерттелуге тиісті мәселелерді ғылыми зерттеудің біртұтас бағдарламалық деңгейіне көтеруінде деп білеміз. Себебі зерттеудің өн бойы, әр тарауы, тіптен әр тараушасы келешекте «Ясауи мұрасы бойынша қандай мәселелер толыққанды шешімін табу керек?» деген сұраққа бағыт сілтейді. Мәселен, зерттеудің «Самарқанд (Залеман) қолжазбасы бойынша археографиялық мәлімет» тараушасында: «Қожа Ахмет Ясауи «Хикметтерінің» тілін талдап, дұрыс тану үшін, олардың қолжазбалары мен басылымдарын, литографиялық нұсқаларын жеке-жеке қарастырып, ең алдымен, олардағы шығармалардың авторларын айқындап алу керек» десе [3, 35], ал ескерткіштің сөз қазынасын түстеп түгендегенде сол кезеңдегі халықтың сөйлеу тілінің және жазба дәстүрдің ерекшеліктерін, олардың Ясауи мұрасына тигізген әсер ықпалдарын айқындауға, ескерткіш тілі мен қазақ тілі арасындағы сабақтастық пен айырым тұстарды нақты фактологиялық материалдарға сүйеніп анықтауға айрықша көңіл бөлу керектігіне назар аударады. Ясауи поэтикалық мектебінің әрі қарайғы даму, жалғасу процесін бақылап, қазіргі түркі мәдениетіне, оның ішінде қазақ көркем сөзіне жасаған ықпалын, қалдырған іздерін нақты фактілермен көрсету, ескерткіш тілінің когнитивтік құрылымына (жүйесі) қатысты тақырыптарды қолға алу да Ясауитану бағытындағы алға қойылатын міндеттер екенін атап көрсетеді.

Сайып келгенде, қолжазба факсимилесінің тұтастай беру және қолжазбанының беттеу, қағаз беттері мен ондағы жолдардың ретке келтіру (нөмерленуі) [3, 393-610], араб графикасымен хатқа түскен қолжазбаның әр жолының қазіргі оқырман қауым мүддесіне сай қазақ қоғамы пайдаланып отырған кирилица таңбаларымен транскрипциялау [3, 199-286], қолжазба мәтінінің поэтикалық бояуының қанықтығын көрсету мақсатында өлең жолдарына келтірілген нұсқаны қатар ұсыну [3, 287-392], қолжазбада кездесетін араб және парсы сөздерінің қазақша аудармасын жасау, сондай-ақ бүгінгі қазақ тілінде дәл сол тұрпатта кездесе бермейтін жалпы түркілік сөздердің мағынасын түсіндіру, араб және парсы, немесе түркі сөздеріне қатысты қысқаша сөздіктерде әр сөзді иллюстративтік дәйектемемен көмкеру [3, 612] арқылы Р. Сыздық XVII ғасырға барып саятын Ясауи «Хикметтерінің» екі қолжазбасының біреуін (Самарқанд нұсқасын) лингвист, әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, философ, дінтанушы т.б. гуманитар ғалымдарға қолжетімді етті, басқаша айтқанда, қазіргі қазақ тіл білімі және түркітану саласы үшін аса маңызды ортағасырлық фактологиялық материалдар ресурсының көкжиегін кеңейтті.

Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» атты толықтырылып, өңделіп бірнеше мәрте жарық көрген еңбегі (1980, 1994, 2014) түркі тілдерінің тарихи лексикологиясында орны ерекше зерттеулердің бірі. Зерттеуде лиро - эпостық жырларда, ақын жыраулар тілінде, тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде кездесетін мән-мағынасы, ішкі формасы «күнгірт» тартқан көне сөздерге этимологиялық талдау жасалады, нәтижесінде олардың түп-төркіні ашылып, семантикалық өзгерістеріне талдау жасалады. Мәселен, осы еңбегінде зерттеуші «қазақ фразеологизмдері құрамында «түп-төркіні таза моңғол тіліне барып тірелетін де, сондай-ақ түркі-моңғол ортақтығына алып баратын да сөздердің мол» екендігін айта келе, «қазақ тіліндегі барымтаға қарымта қайтару, құр атқа мінгендей, айылын жимау, үдере көшу, тас қараңғы, еруліге қарулы, қаруын қайтару, қу толағай бастанбай сияқты әбден қалыптасып,

жымдасып кеткен сөз тіркестері түркі (қазақ) және моңғол тілдеріне ортақ элементтерді іздестіру көздері бола алады»¹ - деген ой тастайды.

Р.Сыздық шешендік өнер, сөз саптау мәдениеті, сөз қолданысы, әдеби норма мәселелеріне арналған бірқыдырау мақалаларында тіл мәдениеті және қолданбалы лингвистика салаларының өзекті мәселелерін қозғайды. Әсіресе ғалымның «Тілдік норма және оның қалыптасуы» (2001) атты монографиясы қазақ тіл білімінде норма мәселесін теориялық тұрғыдан арнайы сөз еткен тұңғыш зерттеу болып саналады. Мұнда қазақ әдеби тілінің қалыпқа түсірілген лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, көркемдік заңдылықтары жүйеленіп көрсетіледі, нормадан ауытқитын тұстардың уәжі негізделеді. Р.Сыздық қоғамдық-мәдени өмірде мәні ерекше «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» (1960, 1974, 1988, 2001) жазуға қатысып, қазақ тілінің емле-ережелерін, орфографиялық нормаларын тиянақтаған «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жөнінде анықтағыш» (1959, 1974, 1994, 2000), «Сөз сазы» (1983, 1995, 2000) тәрізді қолданбалы-практикалық құралдарды ұсынды.

Р.Сыздық қалам тартқан қазақ тіл біліміндегі жаңа салалардың бірі – тұлғатану десек, А.Байтұрсынұлының ақталуы және «А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлттық білім-ғылымымыздың көшбасшысы екенін таныту» сөйтіп «Ахметтану» деп аталатын ғылыми бағыттың бүгіні мен болашағын айқындап, негізін қалау, ең алдымен, академик Р.Сыздық есімімен тығыз байланысты екенін айтпай кетуге болмас, сірә.

А.Байтұрсынұлының мұрасы туралы емес, ұлы тұлғаның есімін айтудың өзі «саяси қате» саналатын тұста, яғни 1970-80 жылдары «А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, оның бұл қызметі ХХ ғасырдың 10 – жылдарынан басталады» деген тұжырымды алғаш рет айтқан да, бүгінде «Ахметтану» деп аталатын ғылыми саланың іргетасын қалап, мақсат-міндеттерін айқындап берген де академик Р.Сыздық болды. Р.Сыздық «Ахметтану қалай басталды?» («Ана тілі» газеті, 1991, 6 маусым.), «Ахметтану: бүгіні мен болашағы» (Қазақ әдебиеті. 1993, 12 қараша), «А.Байтұрсынов және қазақ жазуы» (Қазақстан жоғары мектебі. 1997, №2) мақалалары арқылы А.Байтұрсынұлының қазақтың тілтану, әдебиеттану, әдістеме ғылымдарының негізін салушы ретіндегі орнын бағамдап берді. А.Байтұрсынұлының қазақ тілін зерттеудегі және оқу – ағарту жолындағы жасаған еңбектерінің жүйелілік сипатын Р.Сыздық: «**А.Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші, сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, мұны орындау үшін «Тіл – құралды» жазған, төртінші, тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» ұсынған, бесінші сауат аштыру, қазақ тілін оқыту әдістемесін жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншы»мен «Әліп-би астарын» жазған» деп танытады [6].**

Қазақ халқының мәдени өмірінде ХХ ғасыр басынан бері аса көкейкесті проблемалар болып келе жатқан қазақ жазуы мен терминологиясының өзегін А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы құрайтыны туралы Р.Сыздық былай дейді: «А.Байтұрсынұлының ғылыми концепциясы – әр тілді өз өз табиғатынан шығарып сипаттау. Жалпы лингвистикалық мектептің негізі бір болғанымен, көптеген таным-принциптерінде Ахаң қазақ тіл білімінің өзгешеленетін тұстарын дұрыс көрсетті. Байтұрсыновтың тіл туралы ғылым саласындағы баға жетпес тарихи мәнді қызметінің бірі – оның терминдер түзіп бергендігі десек, мұнда да ғалым нағыз шығармашылықтың классикалық үлгісін көрсетті» [7, 31].

Оқу-ағарту идеясы А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болғанын айта отыра, Р.Сыздық «Ахмет тұлғасын тануды» ол өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік-саяси жағдайдан, қоғамдық ортадан, идеялас замандастарынан тыс алып зерттеу мүмкін еместігін алға тартады. Осылайша ғалым «ХХ ғ. бас кезінде қоғам өмірінің көкжиегінде көрінген қазақ зиялылары

¹ Сыздықова Р.Ф. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. Б. 176.

шоқжұлдыздары - Міржақып Дулатов түзген орыс-түрік сөздігін, Халел Досмұхамедұлының шығармаларының тілін арнайы сөз етеді [8].

Академик Р.Сыздықтың «Тұлғатану» бағытындағы зерттеулерінің қатарын «ғылым көгінің жарық жұлдызы, аса ірі филолог, «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының жаңа саласының көшбастары, ірі теоретик ғалым Қ.Жұбанов» туралы мақалалары, сондай-ақ М.Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Т.Ахтанов, С.Бегалин, А.Сейдімбеков, О.Бөкеев, Д.Исабеков және т.б. көркем сөз шеберлерінің шығармашылығына арналған мақалалары толықтыра түседі.

Қорыта айтқанда, бүгінгі қазақ қоғамының ділдік рухының, рухани-мәдени өмірінің, ұлттық идеологиясының тірегі болып отырған абайтану, ясауитану, ахметтану тәрізді салалардың лингвистикалық бағыттарының негізін қалап, даму барысына жөн сілтеуі Р.Сыздықтың көрнекті ғалым ғана емес, қайраткер - тұлғатанушы екенін айғақтай түседі. Академик Рабиға Сәттіғалиқызы Сыздықтың қазақ әдеби тілінің тарихы, түркітану, қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мен фразеологиясы, тіл мәдениеті, қолданбалы лингвистика, қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы, қазақ лингвостилистикасы тәрізді дербес ғылым салалары бойынша жарық көрген іргелі зерттеулері қазақ тіл білімі және түркітану ғылымдарына қосылған айрықша үлес, құнды ғылыми мұралар. Оларды отандық және әлемдік деңгейде насихаттау, ғалым қалам тартқан салалардың өзекті мәселелерін ары қарай жалғастыра зерттеу Р. Сыздық қалаған лингвистикалық мектеп өкілдерінің алдында тұрған үлкен міндеттер екені даусыз.

Әдебиеттер

1. А.К.Боровков. Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикматов Ахмада Ясеви)// Советское востоковедение. –Москва, 1948. № 5.
2. А.К.Боровков. Лексика среднеазиатского тевиса XII-XIII вв. - Москва, 1963.
3. Сыздыкова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2014. – 667 б.- Б.84.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, I том. А – А, Алматы: А. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты, 2011. - 751 б.- Б.90.
5. Мухитдинов Рашид Сражович. Қазақ тіліндегі ислам діні сөздерінің қолданылу тарихы. Монография. 7 том. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. - 260 б.-Б.14-15.
6. Сыздық Р.Ұлттық білім-ғылымымыздың көшбастары //Қазақстан мектебі, 1998. № 6
7. Сыздық Р.Ахметтану: бүгінгі мен болашағы // Тіл және ұлттық мәдениет.-Түркістан, 2005.
8. Сыздық Р. Тіл және ұлттық мәдениет. Ғылыми мақалалар жинағы. – Түркістан, 2005.- 46-58 бб.

М.М. Малбақұлы

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
Қазақстан, Алматы қ.*

ҰЛЫЛАРДАН ҚАЛҒАН ӨНЕГЕ

Қадірлі әріптестер!

Үш ұлы тұлғаға арнап осындай тамаша конференцияны ұйымдастырып, аса үлгілі іс, аса игілікті іс жасап отырсыздар! Құтты болсын, сәтті болсын!

Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, ғылым саласының майталман ұйымдастырушысы Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың алтайтану мен түркітану, қазақ тіл білімі салаларына қосқан үлесі ұшан теңіз. Ол кісінің әсіресе қазақ тілтануының дамуы үшін жасаған жанкешті жұмысы таңтамаша қалдырады. Қазақ тіл білімінің Шөкең айналыспаған саласы жоқ. Тіл ғылымының көптомдық жазба шежіресінен бастап, бүгінгі заманауи жазу-сызу мәселелеріне дейін Шөкеңнің білікті ой-пайымынан өткендігі айқын.

Шора Шамғалиұлы – нағыз сегіз қырлы, бір сырлы адам. Ғылым-білім жасау ісін өмір жолының басты нысаны етіп алғанымен, онымен бірге ұлағатты ұстаздықтың шамшырағын